

А **ИЖЫН**

Пайғамбарлар есебін неге пайымдай алмадық?



Еврейлердің Каббаласы мен мұсылмандардың Әбжат есебі бір-бірін қайталай ма, олардың айырмасы неде? Адам атаға Жәбірейіл періште үйреткен дейтін бұл ілімнен біз неге ажырап қалдық?

Каббала – жын ілімі ме?

Каббала десек те, Әбжат есебі десек те, бұл ілім өз бастауын Адам ата пайғамбардан алады. Адамға Жәбірейіл періште үйреткен. Ислам ғалымдарының еңбектерінде бұл есепті одан әрі қарай дамытқан Шиш, Ыдырыс пайғамбарлар делінеді. Тіпті Ғайса пайғамбарға да үйреткен деген рауаят бар. Сондықтан бұл ілім Пайғамбарлар есебі делінеді.

Алдымен Каббаладан басталық. Каббала – бұл дін бе, әлде қара магия ма, болмаса ежелгі еврейлердің құпия сиқыршылық ілімі ме? Құпия болуына байланысты бұл ілімнің айналасында неше түрлі аңыздар өрбіген. Каббаланы оқып-үйренуге байланысты көптеген тыйымдар да бар. Негізінен, мұнда адам жынмен байланысқа түседі делінеді. Шынымен де бұл жын ілімі ме? Қазіргідей ашық интернет заманында жын іліміне де тыйым салу мүмкін емес десек, бұл құпия ілімнің де насихаты мен жарнамасын жарқыратып көрсетуге тырысатын сайттар бар.

Википедияға сенсек, бізге белгілі тарихы төрт мың жылға кетеді делінетін Каббала 13 ғасырда кеңінен қанат жайған. Еврей әліппесінде де араб әліппесіндегідей әрбір әріптің

сандық мағынасы бар. Сол себепті Каббаланы оқып-үйрену үшін иврит тілін міндетті түрде білу шарт және үйретуші ұстаз болуы керек. Сондай-ақ Тора, Талмуд секілді кітаптарға сүйеніп отыруы қажет.

Каббаламен таза шұғылданушылар бұл ілімге бүкіл өмірін сарп етеді. Олар интернеттегі Каббала жайындағы неше түрлі аңыз әңгімелер мен лекцияларды, осы ілімді насихаттайтын каббалистік орталықтардың, түрлі академиялардың жұмысын жоққа шығарады. Олардың барлығы тұрмыстық майда-шүйдемен айналысып, пайдакүнемдікке құрылған жалған ілімнің соңында жүргендер дейді. Магия мен оккультизм, астрологияға толы болғандықтан қоғамда Каббала мен әлемді билеуші масондарды тығыз байланыстыру етек алған. Масондық символдарды әлемдік сахнада кеңінен пайдаланушы Мадонна, Эштон Катчер, Деми Мур, Перис Хилтон, Наоми Кэмпбелл, Элизабет Тейлор, Барбара Стрейзанд және тағы басқалар каббала жайында жаңа да жалған ілімдерін қалың жұртқа вирусша таратып жіберген делінеді.

Каббаламен таза шұғылданушылар бұл ілімді жоғарғы рухани әлеммен ғана байланыстырады. Пайғамбарларды өте жоғары рухани деңгейге жеткен, жоғарғы әлеммен тікелей байланысқа түсе алатын каббалистер деп санайды олар. Дінде басты орында білім емес, сенім тұрса, каббалистер керісінше сенімді жоққа шығарып, білім мен ғылымды басты орынға қояды.

Әбжад есебі

Исламдағы сопылық орден де еврейлік Каббаладан тысқары қалмаған. Ислам мистиктері де араб әліпбиіндегі әрбір әріпке сандық мағына беріп, 28 араб әрпінің әрқайсысына бір сан сәйкестендірген. Мұны АБЖД (әбжад) есебі дейді. Әбжад есебі сан ғасырлар бойы жинақталған түрлі білімдер негізінде шебер құрастырылып, бір жағынан кәдімгі еврей Каббаласын қайталайды деуге де болады. Бірақ Әбжад есебінің Каббаладан басты айырмашылығы оның тек қана Құран мен сүннетке негізделгендігі.

Арабтар әбжад есебімен исламға дейін де кеңінен шұғылданған, бірақ бұл ілімнің шыңына шығуы Құранның түсуімен мұсылман мәдениетінің дамыған кезеңіне сәйкес келеді. Классикалық шығыс әдебиетінен әбжад есебін жиі кездестіруге болады. Мәселен, әртүрлі маңызды оқиғалардың, патшалардың таққа отыруының, соғыстағы ірі жеңістердің, алып құрылыстардың мерзімдік уақытын санмен емес, сөзбен шегелеп отырған. Тіпті өз өлеңдерінде осы есепті пайдаланған шығыс ақындары да бар. 2001 жылы АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы егіз мұнараны қиратқан оқиға бүкіл әлемге белгілі. Осы оқиғаны ислам ғалымдары қасиетті Құранға сүйене отырып, әбжад есебін пайдалану арқылы талдап шығарған. Ол былай: Қасиетті Құранның 11-парасы, 9-сүресінің («Тәубә» сүресі) 110-аятында «Олардың салған құрылыстары, жүректері быт-шыт болғанға (өлгенге) дейін үнемі көңілдерінде күдік болған бойда қалады. Алла толық білуші, хикмет иесі». Мұны біз Халифа Алтай аударған Құран кәрімнің қазақша мағынасы және түсінігінен алып отырмыз. Мұны ауызекі тілде түсіндірсек, былай: кәпірлердің салған ғимараттары қирайды, бірақ оны кім қиратқанына олар өлгенше күмәнданып өтеді» болып шығады. Бір қызығы, бұл «Тәубә» сүресі 2001 әріптен (арабша) тұрады. Яғни 2001 әріп – 2001 жыл, 9-сүре – 9-ай, яғни қыркүйек айы, ал 11-пара – 11-қыркүйекті білдіреді. Ал 110-аят Нью-Йорктегі 110 қабатты құлап-қираған ғимаратты айқындап тұр. Міне, Құранға сүйенген әбжад есебінің ғажайып ақиқаты.

Басқа халықтарға таңсық болмаса да, Кеңес империясының халқы АБЖД (әбжад) есебінен мақұрым болды. Бұрынғы бабалардан жеткен алтын арқау біржола үзіліп тынған. Сол қып-қызыл кеңестік заманда Әбжад есебімен шұғылданған қазақтағы жалғыз адам – институт профессоры болып жүріп, бес уақыт намазын үзбей өткен ғалым Ақжан Машани болды.

Ақжан атамыздың сан қырлы еңбегінен бір ғана мысал келтірелік. Ол – Ақсақ Темір мен Отырардың байланысы. Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауидің ғимаратын салдырған Ақсақ Темірдің Отырарда дүние салғаны белгілі. Оның дүниеден қайтқан жылы мен Оты-

рар саны бірдей. Осы бұрынғылардан қалған есепті Ақжан Машани ары қарай толықтырып есептеп шығарған. Оны төменде беріп отырмыз. «Тарихта мынадай бір мәлімет бар. Әмір Темірдің әкесі Тарақай түсінде исламның алмас болат қылышын ұстаған. Соны жорытуға шейхқа барса, ол кісі құран оқып отыр екен. Сонда тамур деген сөз құлағына шалынады. Сол бойынша ол баласының атын Темір қояды.

Құрандағы 67-сүреде қозғалыстан (тамур – 646) деген сөз бар. Осы тамур деген сөзден тағы 19 саны шығады. $646 = 19 + 34 = 38 \times 17$.

Осымен байланысты тағы бір тарихи жұмбаққа соғуға тура келеді, өйткені ол әл-Фарабидің туған қаласы Отырарға қатысты. Отырарда Әмір Темірдің хижраның 807 жылы қайтыс болғаны белгілі. Отырар атының сандық мәні – 807. Осы екеуінің бірдей келуінде бір сыр бар деп сол кездегі ғалымдар пікір жазған (Ақжан Машани, «Әл-Фараби және Абай», «Қазақстан» баспасы, 1994 жыл, 182-бет).

Құдайға шүкір, Ақжан Машанидың шәкірттері аз емес. Солардың бірі жезқазғандық ғалым Ғұзылхан Ақпанбектің 2000 жылы «Өнер» баспасынан «Құранның математикалық құпиялары» деген кітабы жарық көрген. Осы кітаптан Әбжад есебі туралы білім негізін алуға болады. «АБЖД есебі дүниеге өлшеніп жасалған, А 1, Б 2, Ж 3, Д 4. Яғни, әрбір әріпке бір сан сәйкес, әрбір дыбыстың таңбасы бар, сол таңбаның сандық мәні болады. Сонымен қоса әрбір әріпке байланыстырылған түсінік те бар» дейді ғалым.

Сайлыбай БЕКБОЛАТОВ, «Мәңгілік қазақ календарының» авторы: – АБЖАД есебі Тәңірдің адамзат баласына берген ғажайып сыйы десе де болады. Ал оны бүгінде араб әлемінен шыққан оқымыстылар да, бірен-сараны болмаса, біліп, өмірде қолдана білмейді. Бұл кемсіту емес, кемшілікті айту, асылдан ажырау еді. АБЖАД дегеніміз не нәрсе? Өздеріңізге мәлім «цифр әлемді билейді» деген қанатты сөз бар. Барлық нәрсе есепке, санға келіп тіреледі. Әлемде санға қатыссыз ешнәрсе жоқ, тіпті қозғалыс та жоқ деуге болар. Менделеев кестесіндегі элементтердің бәрінің де анықталған атомдық салмағы бар. Дәл сол сияқты араб әліпбиінің де әр әрпінің цифрлық мәні бар. Ал Құран 114 сүреден, орташа – 6236 аяттан, 77439 сөзден тұрады. Бәрі цифр, сан. Бұл жай нәрсе емес, мұнда құпия, ашылмай тұрған сыр бар, ал оны теология ғылымымен айналысып жүргендер де аша алмайды, себебі оның заңдылығын білмейді, АБЖАД есебін игермеген. Ал ғалымдар ілімнің, ғылымның кілті Құранда тұрғанына мән бермейді, әңгіме осында. АБЖАД есебі дәл бүгінде ядролық физика, генетика және т.б. ғылым салалары жетістіктерін қолданған жағдайда ғана көп нәрсені ашуға себеп болады. АБЖАД Құранның кілті сияқты, оның сырын ашуға мүмкіндік береді. Ал Құран 18 мың ғаламның сырын бойында сақтаған Қасиетті кітап. Ал оны осы АБЖАД есебі арқылы аша аласыз, сонан кейін барып қана ғылымның көзіне кезігесіз, яғни материалдық дүниеге жолығасыз. Қазіргі инновация деп жүрген жетістігіңізге сіз төте жолмен келіп жетесіз. Абайша айтқанда «дүние де өзі, мал да өзі» деген мәселені Құран сырына АБЖАД-ты қолдана отырып жетуге болатынын түсінесіз. Бұл аса зор ілім, өзінің дамытушыларын күтіп отырған сала. Әлемдегі қолданып келе жатқан бүкіл календарлардың бәрінің де қате екенін дәлелдеп, терістеп, «Мәңгілік қазақ календарын» жасап төрт жыл бойы арпалысып, жүріп патент алуыма негізгі тірек болған де осы ілім еді.

Әбжад есебін кез келген нәрсеге қолданбаған дұрыс, өте маңызды істерге, Құранға ғана қолданған абзал. Әйтпесе, адамды шатастырады.

Міне, біз бүгін ежелгі құпия ілімге ептеп барлау жасадық. Бұл құпия ілімінің сырына қанығу, ары қарай іздену, соңына түсу, сырын ашу ғылымға құлаш ұрған әр жастың өз қолында.